

АСТАНА ҚАЛАСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
«ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ» МҚҚК
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ
«ӘЛІМХАН ЕРМЕКОВ АТЫНДАҒЫ №38 МЕКТЕП-ЛИЦЕЙ» ШЖҚ МҚК

1 сыныптарға арналған

«Ойын арқылы математика сабағын оқыту – бастауыштағы тиімді тәсіл» атты
бағдарламасы

Құрастырған: Тұнғатарова Мақпал Серікқызы

38 мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалім

Астана, 2025-2026 ж

Пікір жаған:

Түсінік хат

Бұл жұмыста бастауыш сыныпта математика пәнін ойын арқылы оқытудың тиімділігі қарастырылады. Бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшелігіне сай, оқу үдерісінде ойын элементтерін қолдану арқылы қызығушылықты арттыру, белсенділікті дамыту және оқу материалын жеңіл меңгерту маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Зерттеу тақырыбы ретінде «Ойын арқылы математика сабағын оқыту – бастауыштағы тиімді тәсіл» талдалуының басты себебі – қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың интерактивті, оқушыға бағытталған әдістерінің рөлі артуы. Осы орайда, ойын технологиялары – оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, білімді бекіту мен дамытуда таптырмас құрал болып табылады.

Жұмыстың мақсаты – бастауыш сынып математика сабағында ойын тәсілдерін қолданудың тиімді жолдарын көрсету, олардың оқушы білімін меңгерудегі рөлін айқындау, сондай-ақ мұғалімдерге әдістемелік көмек беру.

Мақсаты: бастауыш сынып математика сабағында ойын арқылы оқытудың тиімділігін зерттеу, әдіс-тәсілдерін қарастыру және олардың оқу үдерісіне ықпалын талдау.

- **Міндеті:** Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігі мен танымдық қабілеттерін ескере отырып, ойын әдістерін талдау;
- Математика сабағында қолданылатын ойын түрлерін жинақтау;
- Сабақ барысында ойындарды тиімді ұйымдастыру жолдарын ұсыну;
- Ойын арқылы оқыту нәтижесінде оқушының оқу белсенділігінің артуын дәлелдеу.

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру жүйесінде бастауыш сынып оқушыларының математикалық сауаттылығын қалыптастыру, логикалық ойлауын дамыту және оқу үдерісіне деген қызығушылығын арттыру – өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Математика пәні бастауыш мектепте оқушылардың ойлау қабілетінің, танымдық белсенділігінің қалыптасуына негіз болатын жетекші пәндердің қатарына жатады. Алайда оқушылардың жас ерекшеліктерін ескермеу математикаға деген қызығушылықтың төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Бастауыш сынып оқушылары үшін ойын – табиғи әрі жетекші іс-әрекет. Осыған байланысты математика сабағында ойын арқылы оқыту технологияларын қолдану оқу материалын жеңіл әрі түсінікті меңгеруге, оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын элементтері оқушылардың зейінін тұрақтандырып, есте сақтау, салыстыру, талдау, қорытынды жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұны оқытудың нәтижеге бағытталған, оқушы тұлғасын дамытуға негізделген тәсілдерін талап етеді. Бұл тұрғыда ойын арқылы оқыту әдістері функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға, математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана білуге бағыттайды.

Осыған орай, бастауыш сыныптың математика сабақтарында ойын арқылы оқытуды жүйелі түрде ұйымдастыруға арналған авторлық бағдарламаны әзірлеу білім сапасын арттырудың, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын тұрақты қалыптастырудың тиімді жолы болып табылады. Аталған бағдарлама мұғалімдердің тәжірибесінде қолдануға арналған практикалық маңыздылығымен де өзекті.

Жаңашылдығы

1. Ойын элементтері арқылы білім беру:

Сабақта дәстүрлі оқыту әдістерінен бөлек, ойындар арқылы түсіндіру оқушылардың қызығушылығын арттырады, математикалық ұғымдарды түсінуді жеңілдетеді.

2. Интерактивті тәсілдерді қолдану:

Математика сабақтарында әртүрлі ойын формаларын (қозғалыс ойындары, логикалық тапсырмалар, визуалды сызбалар мен суреттер) қолдану білім беру процесін интерактивті етеді.

3. Оқушы белсенділігін арттыру:

Ойындар арқылы оқушылар тек тыңдаушы емес, белсенді қатысушыға айналады. Бұл олардың логикалық ойлау, салыстыру, талдау қабілеттерін дамытады.

4. Тұлғааралық және коммуникативтік дағдыларды дамыту:

Топтық немесе жұптық ойындар арқылы оқушылардың бір-бірімен әрекеттесуі, ынтымақтастыққа үйренуі қамтамасыз етіледі.

5. Педагогикалық инновация:

Сабақта ойын арқылы оқыту – дәстүрлі әдістермен салыстырғанда заманауи және тиімді әдістемелік тәсіл болып табылады, бұл бастауыш сыныпта оқу процесін жандандырудың жаңа қадамы болып саналады.

Ерекшелігі: Оқушылар бір-біріне кері байланыс беру арқылы өз қатесін түсініп, тез арада жөндеуге немесе пікірлесуге қалыптасады.

1-сыныпта аптасына 1 сағат, жылына 34 сағат;

Күтілетін нәтижелері және оларды тексеру әдістері.

1 Білімдік нәтижелер:

математика пәні бойынша негізгі ұғымдарды ойын арқылы меңгереді;
есеп шығару дағдылары қалыптасып, логикалық ойлау қабілеті дамиды;
математикалық білімді өмірлік жағдаяттарда қолдана алады;
оқу тапсырмаларын өздігінен орындау дағдылары жетіледі.

2 Дамытушылық нәтижелер:

оқушылардың танымдық белсенділігі мен пәнге деген қызығушылығы артады;
зейін, есте сақтау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттері дамиды;
шығармашылық және сыни ойлау дағдылары қалыптасады.

3 Тәрбиелік нәтижелер:

ұжымда жұмыс жасау, бір-бірін тыңдау, өз ойын еркін жеткізу дағдылары қалыптасады;
жауапкершілік, ынтымақтастық, әділдік сияқты құндылықтар дамиды;
оқу әрекетіне жағымды көзқарас қалыптасады.

Күтілетін нәтижелерді тексеру әдістері

Бағдарлама нәтижелілігін анықтау үшін төмендегі бағалау және бақылау әдістері қолданылады:

- ☐ Бақылау – ойын барысында оқушылардың белсенділігі мен тапсырманы орындау деңгейін бақылау;
- ☐ Ауызша сұрау, әңгімелесу – математикалық ұғымдарды түсіну деңгейін анықтау;
- ☐ Практикалық тапсырмалар – ойын элементтері арқылы есептерді орындау нәтижесін тексеру;
- ☐ Деңгейлік тапсырмалар – оқушылардың білім деңгейін саралап анықтау;
- ☐ Диагностикалық және бақылау жұмыстары – оқу нәтижелерінің сапасын салыстыру;
- ☐ Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау – ойын соңындағы рефлексия арқылы оқушылардың өз жетістіктерін бағалауы;

Ойын арқылы математика сабағын оқыту – бастауыштағы тиімді тәсіл.

Кіріспе

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушының тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерін ашуға, белсенділік пен танымдық қызығушылығын қалыптастыруға бағытталған. Осыған байланысты оқыту әдістері де жаңарып, тиімді, инновациялық технологиялар негізінде құрыла бастады. Әсіресе бастауыш мектептегі білім берудің маңызы ерекше, өткені дәл осы кезеңде баланың оқу мен ойлау дағдылары, танымдық қызығушылығы, оқу әрекетіне деген көзқарасы қалыптасады. Ал бұл кезеңдегі пәндердің ішінде математика – ерекше орын алатын, логикалық және аналитикалық олауды қажет ететін маңызды пән.

Бастауыш сынып оқушыларына математика сабағын меңгерту кезінде жиі кездесетін қиындықтардың бірі – баланың пәнге деген қызығушылығының төмендеуі, абстрактілі ұғымдарды қабылдаудағы қиындықтар және есептерді механикалық түрде шығару. Осы мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі – **ойын арқылы оқыту** әдісін қолдану. Ойын – баланың табиғи әрекеті, дүниетанымының басты құралы. Ол арқылы бала өзін еркін сезінеді, өз ойын ашық білдіреді, тәжірибе жасайды және үйренеді.

Математика сабағында ойын элементтерін қолдану арқылы оқу процесін баланың жас ерекшелігіне сай қызықты, мазмұнды, тартымды етуге болады. Бұл тәсіл оқушыны ойлануға, салыстыруға, шешім қабылдауға, яғни белсенді түрде білім алуға итермелейді. Сонымен қатар, ойын барысында балада бір-бірімен қарым-қатынас жасау, топпен жұмыс істеу, жауапкершілік пен тәртіп сақтау сияқты маңызды дағдылар да қалыптасады.

Осы жұмыстың мақсаты – бастауыш сынып математика сабағында ойын арқылы оқытудың тиімділігін зерттеу, әдіс-тәсілдерін қарастыру және олардың оқу үдерісіне ықпалын талдау.

Зерттеу міндеттері:

- Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігі мен танымдық қабілеттерін ескере отырып, ойын әдістерін талдау;
- Математика сабағында қолданылатын ойын түрлерін жинақтау;
- Сабақ барысында ойындарды тиімді ұйымдастыру жолдарын ұсыну;
- Ойын арқылы оқыту нәтижесінде оқушының оқу белсенділігінің артуын дәлелдеу.

Бастауыш сынып – баланың танымдық, зияткерлік, эмоциялық және әлеуметтік дамуының негізі қаланатын кезең. Осы кезеңде берілетін білім баланың болашақтағы оқу жетістіктеріне тікелей әсер етеді. Әсіресе, математика сияқты логикалық ойлау мен дәлдікті талап ететін пәнді меңгеруде тиімді әдіс-тәсілдер аса маңызды. Солардың ішінде **ойын арқылы оқыту** – оқушының қызығушылығын арттырып, білімді жеңіл әрі тез меңгеруге мүмкіндік беретін әдістерінде ерекшеленеді.

Негізгі бөлім

Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы десек, ал балалар сол ойын арқылы көп ақпарат алып, білімін толықтырып отырады. Ойын баланың білім алуға, оқуға деген қызығушылығын оятып, ізденімпаздық, зерттеушілік, байқампаздық, шығармашылық қабілетін дамытады.

Оқу процесінде ойын элементтерін пайдалану – тиімді әдістердің бірі. Ойынды пайдаланудағы басты мақсат – баланы қызықтыра отырып, білімді меңгерту болса, ал мұғалімнің міндеті – сол ойын түрлерін қолдана отырып, оқушыларды жеке, топтаса жұмыс істей білуге, сөздік қорларын молайтып, арттыруға, ойын еркін және ашық жеткізе білуге, ой белсенділігін арттыруға, алған білімін болашақта өмірдің түрлі саласында қолдана білуді меңгертуге қол жеткізу.

1. Ойын – баланың табиғи әрекеті.

Балалар үшін ойын – өмір сүру тәсілі, айналаны танудың алғашқы баспалдағы. Ойын барысында бала белсенді әрекет етеді, ойланады, шешім қабылдайды, қателеседі және сол арқылы үйренеді. Бұл процестер математика пәнін оқытуда өте маңызды.

2. Ойын арқылы оқытудың тиімділігі

Ойын элементтері:

- Оқу материалын қызықты әрі түсінікті етеді;
- Балалардың зейінін, есте сақтауын дамытады;
- Танымдық белсенділікті арттырады;
- Оқушының дербестігін қалыптастырады;
- Сыни ойлау мен логиканы жетілдіреді.

Мысалы, қарапайым «Кім жылдам есептейді?», «Сандар пирамидасы», «Лото», «Сандық жұмбақтар» сияқты ойындар арқылы математикалық амалдарды бекітуге, ойша есептеу дағдыларын дамытуға болады.

3. Ойын түрлері және оларды сабақта қолдану

Ойын түрі	Мақсаты	Қолдану мысалы
Дидактикалық ойындар	Білімді бекіту, қайталау	«Қай сан жасырынды?», «Есеп шығару жарысы», «Ыстық орындық»
Қозғалыс ойындары	Қызығушылықты ояту, сергіту	«Санға сәйкес орын тап»,
Рөлдік ойындар	Шығармашылық пен сөйлеуді дамыту	«Саудагер мен сатып алушы»
Танымдық ойындар	Логика мен ойлауды дамыту	«Сықырлы сандық», «Жұмбақтар»

4. Оқушының белсенділігін арттырудағы рөлі

Ойын кезінде балада:

- Ынтымақтастық дағдыларын қалыптасады;

- Өзін көрсетуге мүмкіндік туады;
- Пәнге деген жағымды көзқарас орнығады;
- Қателесуден қорықпай, еркін ойлауға үйренеді.

5. Мұғалімге қойылатын талаптар

Мұғалім :

- Сабақты дұрыс жоспарлап, ойын түрін нақты мақсатқа сай таңдауы керек;
- Барлық оқушыны қамтуға тырысуы қажет;
- Ойынның тәрбиелік мәніне де көңіл бөлу керек;
- Ойын барысында оқушының дамуын қадағалап отыруы тиіс.

Бастауыш сыныптағы математика пәнінің ерекшеліктері.

Математика – бастауыш сыныптағы негізгі пәндердің бірі. Ол тек қарапайым есептеу амалдарын меңгертумен шектелмейді, сонымен қатар баланың ойлау қабілетін, есте сақтауын, қиялын дамытады. Әрбір оқушы математика арқылы нақты деректерге сүйене отырып ойлауды, қорытынды жасауды, дәлелдеуді үйренеді.

Бастауыш мектеп жасындағы балалардың қабылдау ерекшелігі өзгеше. Олар абстрактілі ұғымдардан гөрі көзбен көріп, қолмен ұстайтын нақты заттарды жақсы түсінеді. Мысалы, бірінші сыныптағы балаларға « $5+3=8$ » теудеуін жай ғана жазып көрсету жеткіліксіз болуы мүмкін. Ал егер балаға 5 алма беріп, үстіне тағы 3 алма қоссын, сонда оқушы есептің мәнін нақты көріп түсінеді. Бұл жерде ойын әдісін қолдану – ең тиімді тәсіл. Балалар алманы санау процесін ойын ретінде қабылдайды.

Бастауыш математика сабағының тағы бір ерекшелігі – ол балалардың тілін, сөйлеуін, қарым-қатынас мәдениетін дамытуға әсер етеді. Әрбір есепті талдау кезінде оқушы өз ойын ауызша жеткізуге дағдыланады. Ал бұл кейінгі сыныптағы ғылым тілімен сөйлеудің негізін қалайды.

Сонымен қатар, бастауыштағы математикада көрнекілік әдіс басты орын алады. Түрлі суреттерді, фигураларды, кестелерді, ойыншықтарды пайдалану арқылы оқушыға білімді жеңіл жеткізеді. Ойын технологиясы көрнекілік әдіспен тығыз байланысты, себебі ойын барысында қолданылатын құралдарды баланың назарын аударады және танымдық белсенділігін арттырады.

Қорыта айтқанда, бастауыш сыныптағы математика сабағының ерекшелігі – оның ойын элементтерімен, практикалық іс-әрекеттерімен тығыз байланыста өтуінде. Бұл – баланың ойлау қабілетін дамытудың, пәнге деген қызығушылығын арттырудың ең тиімді жолы.

Ойын технологиясының теориялық негіздері.

Ойын – адамзаттың ең көне мәдени құндылықтарының бірі. Ғалымдар ойынның табиғатын ежелден зерттеген. Мысалы, К.Д Ушинский «Балалар үшін ойын – шынайы өмір» деп атап көрсеткен. А.С Макаренко болса, ойын барысында бала тұлғасының қалыптасатынын

айтқан. В.А Сухомлинский ойынның тәрбиелік мәнін жоғары бағалап, «Ойынсыз толыққанды ақыл-ой тәрбиесі болмайды» деген.

Педагогика ғылымында ойынның бірнеше қызметі бар:

- ✓ Танымдық қызметі – бала жаңа білімді ойын арқылы жеңіл меңгереді.
- ✓ Дамытушылық қызметі – ойлау, сөйлеу, есте сақтау, қиял сияқты психикалық процестерді дамытады.
- ✓ Тәрбиелік қызметі – ұжымшылдыққа, жауапкершілікке, тәртіпке баулиды.
- ✓ Әлеуметтік қызмет – бала қоғамдағы түрлі рөлдерді ойнау арқылы әлеуметтік тәжірибе жинайды.

Ойын технологиясы – бұл оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың бір түрі. Оның ерекшелігі – оқушының оқу әрекеті ойын түрінде өтеді. Мұғалім сабақтағы мақсатқа сай ойын ойлап табады немесе дайын дидактикалық ойындарды қолданады. Мұндай жағдайда оқушы білімді еріксіз меңгермейді, керісінше, өзі қызығып, белсенді қатысады.

Ойынның тиімді болуы үшін оның бірнеше шарты бар:

1. Ойынның нақты мақсаты болуы тиіс (мысалы, қосу-азайту амалдарын бекіту).
2. Ережесі түсінікті әрі қарапайым болуы қажет.
3. Құрал-жабдықтары дайындалған болуы керек.
4. Әр бала ойынға қатысуға мүмкіндік алуы тиіс.
5. Ойын нәтижесі әділ бағалануы қажет.

Бастауыш сыныпта ойын – тек қосымша тәсіл емес, ол оқытудың негізгі құралдарының біріне айналады. Баланың табиға әрекеті ойын болғандықтан, ол осы әдіс арқылы оқу процесін жеңіл әрі қызықты қабылдайды.

Математика сабағында қолданылатын ойын түрлері мен әдістері

Математика сабақтарында ойындарды мазмұнына қарай бірнеше түрге бөлуге болады:

1. Дидактикалық ойындар.

Бұл – оқу мазмұнын бекітуге бағытталған арнайы ойындар. Мысалы:

«Кім жылдам?» ойынында балалар есептерді жылдам шығарады.

«Артық санды тап» ойынында белгілі бір қатардан артық элементті ажыратады.

«Математикалық дамино» ойынында мысал мен нәтижені сәйкестендіреді.

2. Қозғалыс ойындары.

Бұл ойындар дене қимылымен ұштасады. Мысалы, «Математикалық эстафета» ойынында топтар кезекпен тақтаға шығып мысалдарды шығарады.

3. Рөлдік ойындар.

Мұнда оқушылар белгілі бір рөлді атқарады. «Дүкен» ойынында сатушы мен сатып алушының рөлін ойнап, ақша санауды үйренеді.

4. Логикалық ойындар.

Ребус, бас қатырғыш, sudoku, математикалық жұмбақтар оқушылардың логикалық ойлануын дамытады.

Ойындарды сабақтың әр кезінде қолдануға болады: жаңа тақырыпты түсіндіруде, білімді бекітуде, қайталауда, бағалауда. Мысалы, жаңа тақырыпты бастамас бұрын «Жұмбақ шешу» ойынын қолдану балаларды қызықтырады.

Дидактикалық ойындардың рөлі және практикалық мысалдар.

Дидактикалық ойындар – бастауыш мектептегі ең кең тараған ойын түрі. Олардың басты ерекшелігі – нақты оқу мазмұнына сай құрастырылуы.

Мысалы:

«Дүкен» ойынында оқушылар ойыншық ақшамен жұмыс жасайды, қосу мен азайтуды үйренеді.

«Сиқырлы сандық» ойынында мұғалім әр сандыққа мысал жасырса, балалар дұрыс шешкенде кілт ашылады.

«Математикалық дамино» ойынында әр карточкада есеп пен жауабы жазылады, балалар оларды сәйкестендіреді.

Бұл ойындар балаларды белсенді ойнауға, салыстыруға, таңдауға, қорытынды жасауға үйретеді. Сонымен бірге, олардың пәнге қызығушылығын арттырады.

Ойын арқылы оқытудың тиімділігі.

Ойын арқылы оқытудың бір қатар артықшылықтары бар:

- ☐ Сабақ қызықты өтеді.
- ☐ Балалар шаршамайды, керісінше белсенді болады.
- ☐ Қиын тақырыптар жеңіл меңгеріледі.
- ☐ Оқушылардың ұжымдық жұмыс дағдылары дамиды.
- ☐ Шығармашылық қабілеттері ашылады.

Психологтардың айтуынша, ойын кезінде бала өзін еркін сезінеді. Ол қателесуден қорықпайды, себебі ойында қателік те табиғи құбылыс ретінде қабылданады. Мұның өзі баланың сенімін арттырады.

Қиындықтары мен шешу жолдары

Әрине, ойын технологиясын қолдануда белгілі бір қиындықтар болуы мүмкін.

1. Уақыт тапшылығы. Сабақ уақыты шектеулі болғандықтан, ойынға көп уақыт кетіп қалуы мүмкін. Мұғалім алдын ала жоспарлап, уақытты тиімді бөлуі тиіс.

2. Тәртіп мәселесі. Кейде ойын кезінде балалар шулап кетуі ықтимал. Бұл жағдайда мұғалім тәртіп ережесін алдын ала түсіндіріп, бақылауды сақтау қажет.
3. Құрал-жабдықтардың жетіспеуі. Кейбір ойындарға қосымша материалдар керек. Оларды қарапайым заттардан дайындауға да болады.

Тәжірибеден алынған мысалдар

Мысалы, 3-сыныпта «Математикалық эстафета» ойынын қолданған мұғалім оқушылардың есеп шығару шапшаңдығының артқанын байқаған. 4-сыныпта «Сандар әлеміне саяхат» атты ойын өткізгенде балалар топпен жұмыс істеп, өзара көмектесуге үйренген. Ал 2-сыныпта «Математикалық дамино» ойынын қолдану арқылы көбейту мен бөлу амалдарын меңгерту тиімді болған.

Математика – бастауыш білім берудің іргелі пәндерінің бірі. Ол тек оқушының есеп шығару қабілетін дамыту мен шектелмейді, сонымен бірге олардың ойлау мәдениетін, логикалық байланыстарды анықтай білу дағдыларын қалыптастырады. Психологтардың айтуынша бастауыш мектеп жасындағы балалардың ойлау әрекеті көбінесе нақты-бейнелі сипатта болады. Яғни олар абстрактілі ұғымдарды емес, көзбен көріп, қолмен ұстап, тәжірби жасап түсінген жақсы қабылдайды. Осыған байланысты бастауыштағы математика сабағы міндетті түрде көрнекілікке және ойыға негізделуі тиіс.

Мысалы қосу және азайту амалдарын оқушыларға жай ғана түсіндіруден гөрі, «Ойыншықтарды бөлісу», «Алманы қосу және алу», «Дүкеннен зат сатып алу» сияқты ойын түрінде көрсету әлде қайда тиімді. Балалар өздері әрекет ете отырып, арифметикалық амалдардың мәнін жеңіл түсінеді. Мұндай тәсіл баланың сабаққа қызығушылығын арттырады әрі білімді ұзақ уақыт есте сақтауға ықпал етеді.

Сонымен қатар бастауыш математикасының тағы бір ерекшелігі – оның өмірмен тығыз байланыстылығы. Мұғалім әр тапсырманы оқушының күнделікті тәжірибесіне жақындатуы керек. Мысалы, «Үйде неше орындық бар?», «Әжең қанша тоқаш пісірді?», «Мектепке неше қадамда жеттің?» сияқты балаларға таныс әрі қызықты. Бұл да ойын элементтеріне ұқсайды, өйткені бала өзін кейіпкер ретінде сезінеді.

Бастауыштағы математика баланың қиялын дамытуда. Геометриялық фигурамен жұмыс кезінде «Үйдің пішінін салу», «Жалауша құрастыру», «Құрылыс ойыны» сияқты әрекеттер арқылы бала математика заңдылықтарын тек есеп түрінде емес шығармашылық тұрғыда да қолдана алады.

Сондықтан ойын элементтерін қолдану – бастауыш математикасының ерекшелігіне сай ең тиімді әдістің бірі. Бұл әрі баланың психологиялық қажеттілігін қанағаттандыра, әрі математикалық білімді саналы меңгертуге мүмкіндік береді.

Ойын технологиясының теориялық негіздері

Ойын – адамзат тарихындағы ең көне мәдени құбылыстардың бірі. Ғалымдар оны баланың табиғи әрекеті деп санайды. Белгілі педагог К.Д.Ушинский: «Бала ойынсыз өсіп-жетіле

алмайды, ойын – оның рухани азығы», - деп атап кеткен. Ал А.С Макаренко ойынның тәрбиелік маңызын ерекшебағалап, оның баланың өмірімен біте қайнасқан әрекет деп сипаттайды. Оның теориялық негіздерін қарастырғанда бірнеше аспектіні бөліп көрсетуге болады:

1. Психологиялық аспект. Баланың ойлау, есте сақтау, қиялдау қабілеті ойын барысында белсенді дамиды. Әсіресе бастауыш жаста ойын – негізгі жетекші әрекет.
2. Педагогикалық аспект. Ойын оқытудың тиімді құралы ретінде қолданылады. Дидактикалық ойындардың басты ерекшелігі – олардың нақты оқу мақсаттарына бағынуы.
3. Әлеуметтік аспект. Ойын балаларды бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, ортақ ереже сақтауға, топта жұмыс істеуге үйретеді.

Ойын технологиясын қолданудың басты қағидалары мыналар:

- ❖ Әр ойынның нақты мақсаты болуы керек.
- ❖ Ойын оқушыға жеңіл әрі қызықты болуы тиіс.
- ❖ Ойын нәтижесі біліммен ұштасуы шарт.

Тиімділік бағыты	Мазмұны	Мысалы
Танымдық қызығушылық	Сабаққа деген ынтасын арттырады	«Сандар әлеміне саяхат» ойыны
Логикалық ойлау	Шапшаң ойлап, дұрыс шешім қабылдауға үйретеді	«Сиқырлы шаршы» ойыны
Ұжымдық дағдылар	Топпен жұмыс істеуге, бірін-бірі тыңдауға баулиды	«Математикалық эстафета»
Өмірмен байланыс	Білімді күнделікті өмірде қолдануды үйретеді	«Дүкен» ойыны
Эмоциялық әсер	Баланы шаршатпай, белсенді ұстайды	Қозғалыс ойындары, жарыс түріндегі тапсырмалар

Математика сабағында ойын технологиясын қолдану – дәстүрлі оқытуды толықтырып қана қоймай, оны жаңа сапаға көтереді. Бала есепті құрғақ жаттаумен емес, әрекет арқылы үйренгенде, оның білімі берік болады.

«1 сыныптың математика сабақтарында интерактивті тапсырмаларды қолдану»

Қазіргі бастауыш мектепте оқушының математикаға қызығушылығын арттыру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі. 1-сынып оқушылары үшін ойын, қимыл-қозғалыс, көрнекілік арқылы берілген тапсырмалар өте тиімді.

Сондықтан математика сабақтарында интерактивті тапсырмаларды қолдану оқушының ойлау қабілетін дамытып, білімді жеңіл әрі қызықты түрде меңгеруіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ойын арқылы оқыту – тек қызықтыру ғана емес, сапалы білім беру құралы. Бастауыш сынып оқушылары үшін математика сабағын ойын арқылы жүргізу олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, шығармашылық және логикалық қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Сондықтан, әрбір мұғалім сабағында ойын элементтерін тиімді пайдаланып, баланың білім әлеміне деген құштарлығын оятуға күш салуы қажет.

Бастауыш мектепте математиканы ойын арқылы оқыту – оқушының жеке тұлғалық дамуына тікелей ықпал ететін әдістің бірі. Баланың жас ерекшелігіне байланысты ойын – олардың негізгі әрекеті болып саналады. Сондықтан сабаққа ойын элементтерін қолдану баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, оның ойлау қабілетін, есте сақтауын, зейінін, тапқырлығын жетілдіреді.

Ойын барысында оқушылар өзара бәсекеге түсіп, жеңіске жетуге ұмтылады, ал бұл өз кезегінде білім сапасын арттырады. Сонымен қатар, ойын арқылы оқушы өз ойын еркін жеткізе алады, шығармашылықпен жұмыс істеуге дағдыланады. Демек, ойын арқылы оқыту – бастауыштағы ең тиімді тәсілдердің бірі. Ол оқушылардың білімге құштарлығын арттырып, математика пәнін оңай әрі қызықты меңгеруіне жол ашады. Әрбір мұғалім ойын элементтерін сабақтың мазмұнына сай іріктеп қолдана білсе, сапалы білім мен тәрбиені қатар бере алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әбілқасымова А.Е – Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі.
2. Жұмабекова Ф – Бастауыш сыныптағы инновациялық технологиялар.
3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі .
4. Математика сабағында ойын элементтерін қолдану. // «Бастауыш мектеп» журналы, 2024 жыл.

.Авторлық бағдарламаның мазмұны:

- Ұзақ мерзімді жоспар.
- Қысқа мерзімді жоспар.
- Бағдарлама мазмұны.
- Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар.
- Оқушыларға арналған қосымша кестелер мен презентациялар.


р/с	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
	I тоқсан (33 сағат).				
1.	Сандар әлеміне саяхат (1–10)		1		
2.	1–10 сандарын қосу		1		
3.	1–10 сандарын салыстыру		1		
4.	1–10 сандарын азайту		1		
5.	Геометриялық фигуралар		1		
6.	Санды және әріпті өрнектер		1		
7.	Қосу және азайту.		1		
8.	10 көлемінде азайту Азайту дағдысын бекіту «Кері сана»		1		
9.	10–20 сандарымен танысу 10–20 сандарын оқу, жазу «Сандар пойызы»		1		
10.	20 көлемінде қосу Қосу дағдысын бекіту «Сиқырлы дорба»		1		
11.	10–20 сандарын салыстыру Салыстыру дағдысы «Кім жылдам?»		1		
12.	Монеталардың құны.		1		
13.	Теңдік және теңсіздік $=$, $\neq$ белгілерін қолдану «Дұрыс – бұрыс»		1		
14.	Фигуралар. Нүкте. Сызықтар.		1		
15.	Фигуралар. Сәуле. Кесінді		1		
16.	Ұзын–қысқа Өлшемді салыстыру «Салыстыр да таңда»		1		
17.	Ауыр–жеңіл Салмақты салыстыру «Таразы»		1		
18.	Көлем Көлемді ажырату «Қай ыдысқа сыяды?»		1		
19.	Ондықтармен санау.		1		


20.	Уақыт туралы түсінік. «Күн тәртібі» ойыны		1		
21.	Сағатпен танысу. «Сағат тілі не дейді?»		1		
22.	Апта күндері. «Апта шеңбері»		1		
23.	Айлар мен жыл мезгілдері. «Мезгілдер елі»		1		
24.	Қарапайым есептер шығару. «Есептер әлемі»		1		
25.	Сурет бойынша есеп құрастыру. «Ойлап тап»		1		
26.	Ұзын, қысқа, кең, тар.		1		
27.	Ұзындықты өлшеу. Сантиметр.		1		
28.	Ұзындықты өлшеу. Дециметр.		1		
29.	Ауыр, жеңіл. Килограмм.		1		
30.	Литр.		1		
31.	Шамаларды өлшеу.		1		
32.	Тізбектер.		1		
33.	Қосу және азайту – өзара кері амалдар.		1		
34.	Қорытындылау.		1		
Барлығы			33 сағат		

Қысқа мерзімді жоспар

1-сабақ

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:		Математика	
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 1		Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Тақырыбы		Сандар әлеміне саяхат (1–10)	
Сабақтың мақсаты		1-ден 10-ға дейінгі сандарды дұрыс санау Сандарды тану және атау Көрнекілік арқылы сандарды салыстыру	
		Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 2 минут	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Бізде жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз Апайымызбен ең алғаш, амандасып аламыз. Жарқырасын күніміз, жайнап тұрсын гүліміз, Жақсы ниет тілекпен, Бастайық сабақ бүгін біз.	1. Мұғаліммен сәлемдеседі. 2. Өлең шумағын мәнерлеп айтады 	Жарайсыңдар!
Сабақтың ортасы 4 минут Білу. 6 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. Жаңа тақырып. 1–10 сандары көрсетілген суреттермен жұмыс 1-тапсырма. Суреттегі заттарды сана. "Неше" сөзін пайдаланып, сурет бойынша сұрақтар құрастыр. 	Суреттегі заттарды санап, "Неше" сөзін пайдаланып, сурет бойынша сұрақтар құрастырады.	ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! 
4 минут	6 шар, 6 тәрелке, 6 саптыаяқ, 5 алмұрт, 5 алма, 1 торт, 6 қасық, 1 кәрзеңке, 6 сыйлық, 1 дастарқан 2-тапсырма. Санамақ айту Айтар болсам саралап Көп қой түрлі санамақ		Сендер мықты

6 минут	Бір дегенім – бір саусақ Екі дегенім – екі саусақ Үш дегенім – үш саусақ Төрт дегенім – төрт саусақ Бес дегенім – бес саусақ Алты дегенім – алты саусақ Жеті дегенім – жеті саусақ Сегіз дегенім – сегіз саусақ Тоғыз дегенім – тоғыз саусақ Он дегенім – он саусақ 3-тапсырма. «Санды тап» ойыны Нүктелер мен саусақтар қандай сандарды көрсетіп тұр? Осы сандардың жазылуын карточкалардан көрсет. Сандарды тура және кері ретпен ата.  	Санамақты мұғаліммен бірнеше қайталайды. бірге рет Нүктелер мен саусақтар қандай сандарды көрсетіп тұрғанын анықтайды. Осы сандардың жазылуын карточкалардан көрсетеді. Сандарды тура және кері ретпен атайды.	оқушы боласындар! Нүктелер мен саусақтар қандай сандарды көрсетіп тұрғанын біледі
2 минут			ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Сен тамаша баласың!
7 минут 5 минут	Сергіту сәті Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, ұш. Төрт, бес, алты, жеті, Мынау – ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. 4-тапсырма. Заттарды сана. Олардың санын карточкалардан көрсет.	Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді. Заттарды санап, олардың санын карточкалардан көрсетеді.	Дұрыс! Талпын! Алақай! 


	  1, 4, 3, 5, 2		
Сабақтың соңы 5 минут	IV.Сабақты қорытындылау. Бүгін біз қай сандармен таныстық? 1-ден 10-ға дейін санап берші. Қай сан 5-тен кейін келеді? 8-дің алдында қандай сан бар? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың Үй тапсырма . 10-ға дейін санауды және жазуды үйрену.	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Өз ой қорытындысымен бөліседі.
2минут	Үй тапсырма . 10-ға дейін санауды және жазуды үйрену.	Үй тапсырмасын жазады.	
2 минут	Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия 	Өздері кері байланыс жасайды.	Балдар жиынтығын қою

2-сабақ

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:		Математика	
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 1		Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Тақырыбы		1–10 сандарын қосу	
Сабақтың мақсаты		1–10 көлеміндегі сандарды қосады Қосу таңбасын (+) қолданады Қосу нәтижесін дұрыс табады	
		Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау

Сабақтың басы 2 минут	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Бізде жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз Апайымызбен ең алғаш, Амандасып аламыз. Жарқырасын күніміз, Жайнап тұрсын гүліміз, Жақсы ниет тілекпен, Бастайық сабақ бүгін біз.	1.Мұғаліммен сәлемдеседі. 2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады .	Жарайсындар!
3 минут	Үй тапсырмасын сұрау 10-ға дейін санауды және жазуды үйрену. Өткен сабақты пысықтау	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Ауызша мадақтау ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс!
Сабақтың ортасы 5минут Білу. 6 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. Жаңа тақырып. 1 тапсырма Ауызша қосу мен азайту жұмысын үйрету ЕСІНДЕ САҚТА! Қосуды жазуда қолданылатын компоненттер атауы былай аталады: $\text{қосылғыш} + \text{қосылғыш} = \text{қосындының мәні}$ $2 + 1 = 3$ қосынды ЕСІНДЕ САҚТА! Азайтуды жазуда қолданылатын компоненттер атауы былай аталады: $\text{азайғыш} - \text{азайтқыш} = \text{айырманың мәні}$ $3 - 1 = 2$ айырма 2алмұрт+1алма=3 жеміс 1алмұрт+2 алма=3 жеміс	Суретте қай заттар артық, қайсысы кем екенін анықтайды. Қай заттардың саны тең екендігін анықтайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады. Заттардың санын салыстырады.	ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! Сендер мықты оқушы боласыздар! ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Сен тамаша баласың!
6 минут			

2 минут



7 минут

2-тапсырма. Есептерді жазбаша орында

$$\begin{array}{llll} 6+1=\square & 6+2=\square & 7-1=\square & 8-2=\square \\ 7+1=\square & 7+2=\square & 8-1=\square & 9-2=\square \\ 8+1=\square & 8+2=\square & 9-1=\square & 10-2=\square \\ 9+1=\square & & 10-1=\square & \end{array}$$

Сергіту сәті

Қосудың мәні дұрыс болса, қолды соқ

$$2+3=5$$

$$3+3=7$$

$$2+5=7$$

$$1+4=6$$

5 минут

3-тапсырма. Отбасы мүшелерін ата. Отбасының әрбір мүшесі реті бойынша нешінші отыр?

Санауды сол жақтан баста.



Әке, ана, қызы, әже, ата, үлкен ұлы, кіші ұлы

4-тапсырма. Бір затты жасыр. Ол реті бойынша нешінші тұрғанын досыңа айт ойыны.



А) қонжық, робот, көлік, әтеш

Дұрыс!
Талпын!

Санауды біледі.

Алақай!





ҚБ: Жарайсың!
Өте жақсы!
Дұрыс!
Талпын!

Сергіту сәтін
іс-қимылмен
көрсетеді.

Отбасы мүшелерін
атап, отбасының
әрбір мүшесі реті
бойынша нешінші
отырғанын
анықтайды.
Санауды сол
жақтан бастайды.
Сұрақтарға жауап
береді, өз ойларын
айтады




Сұрақтарға жауап
береді, өз ойларын
айтады.


Бір затты
жасырып, ол реті
бойынша нешінші
тұрғанын досына
айтады.

	Ә) доп, ұшақ, қонжық, ит		
Сабақтың соңы 3 минут	IV.Сабақты қорытындылау. Бүгін қандай амалмен таныстық? Қосу дегеніміз не? Қосу таңбасы қалай белгіленеді? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың Үй тапсырма .	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады. Үй тапсырмасын жазады. Өздері кері байланыс жасайды.	Өз ой қорытындысымен бөліседі. 
2 минут			
2 минут	Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия 		Балдар жиынтығын қою

3-сабақ

Білім беру ұйымының атауы		
Пәні:	Математика	
Педагогтің аты-жөні:		
Күні:		
Сынып: 1	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Тақырыбы	1–10 сандарын салыстыру	
Сабақтың мақсаты	1–10 сандарын салыстырады «Артық», «кем», «тең» ұғымдарын қолданады $>$, $<$, $=$ белгілерін пайдаланады	
	Сабақтың барысы	



Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 2 минут	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Психологиялық ахуал қалыптастыру.  Қуан, шаттан, Қуан, шаттан, Қуанатын күн бүгін. Қайырлы таң достым, Қайырлы күн достарым.	1. Мұғаліммен сәлемдеседі. 2. Өлең шумағын мәнерлеп айтады.	Жарайсыңдар!
3 минут	Үй тапсырмасын сұрау Үй тапсырмасын қарау  Өткен сабақты пысықтау 	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Ауызша мадақтау ҚБ: Жарайсың! ! Өте жақсы! Дұрыс!
Сабақтың ортасы 2 минут Білу. 6 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. Жаңа тақырып. 1-тапсырма. Суретте қай заттар артық, қайсысы кем? Қай заттардың саны тең?  7 алма > 4 алмұрт 9 тәрелке > 5 кесе 5 бәліш = 5 бәліш 5 кесе > 2 шәйнек	Суретте қай заттар артық, қайсысы кем екенін анықтайды. Қай заттардың саны тең екендігін анықтайды. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады. Заттардың санын салыстырады.	ҚБ: Жарайсың! ! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!  Сендер мықты оқушы боласыңдар! ҚБ: Жарайсың! ! Өте жақсы! Сен тамаша баласың!

5 минут	2-тапсырма. Заттардың санын салыстыр.  5 > 3 7 = 7 5 < 7		
5 минут	Сергіту сәті Артық болса – қол көтер, Кем болса – еңкей, Тең болса – шапалақта.	Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.	Дұрыс! Талпын!
2 минут	«Сандық ойын»: Оқушыларға әр түрлі сандар жазылған карточкалар беріледі. Оларға сандарды салыстыру тапсырмалары беріледі, мысалы, «Қай сан үлкен?» деген сияқты.		Санауды біледі.
3 минут	3-тапсырма. Отбасы мүшелерін ата. Отбасының әрбір мүшесі реті бойынша нешінші отыр? Санауды сол жақтан баста.	Отбасы мүшелерін атап, отбасының әрбір мүшесі реті бойынша нешінші отырғанын анықтайды.	Алақай!
7 минут		Санауды сол жақтан бастайды.	ҚБ: Жарайсың! Өте жақсы!
3 минут	Әке, ана, қызы, әже, ата, үлкен ұлы, кіші ұлы Сенің отбасыңда ересектер көп пе, әлде балалар көп пе?	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Дұрыс! Талпын!
Сабақтың соңы 3 минут	IV. Сабақты қорытындылау. Бүгін біз не үйрендік? Қандай сандарды салыстырдық? Сандарды қалай салыстырамыз? «Артық» дегеніміз не? «Кем» дегеніміз не? «Тең» дегеніміз не? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Өз ой қорытындысы мен бөліседі.
2 минут	Үй тапсырма .	Үй тапсырмасын жазады.	Барекелді!

2минут	Салыстыруды орындап көр. 1*4 5*3 2*1 3*4 Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия  Рефлексия «Бағдаршам» Қызыл түс – Не білдім? Сары түс – Білгім келеді? Жасыл түс – Не білемін?	Өздері кері байланыс жасайды.	Балдар жиынтығын қою
--------	--	-------------------------------	----------------------

4-сабақ

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:		Математика	
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 1		Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Тақырыбы		1-10 сандарын азайту	
Сабақтың мақсаты		1–10 сандарының шегінде азайтуды түсінеді; Азайту амалын дұрыс орындайды; Азайтуға байланысты есептер құрастырып, шығарады.	
		Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы 2 минут	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Психологиялық дайындық  Психологиялық ахуал: "Көрші" Көршінді оң жақтан құшақта, Көршінді сол жақтан құшақта, Оң жақтағы көршіңе бір жымнып, Сол жақтағы көршіңе бір жымнып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.	1.Мұғаліммен сәлемдеседі. 2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады	Жарайсыңдар!
3 минут	Өткен сабақты пысықтау		Ауызша мадақтау

		Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! 
Сабақтың ортасы 3 минут Білу. 7 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. Жаңа тақырып. 1-тапсырма. Азайту операциясының анықтамасы мен белгісін түсіндіру (-). «Егер 5 алма болса, оның 2-еуін алып қойсақ не болады?» (мысалы, $5 - 2 = 3$). Интерактивті тақтада 1-10 сандарын пайдаланып, мысалдар шешу.	Балалар тақтадағы жазуларға қарап, түсіндіреді, қойылған сұрақтарға жауап береді және интерактивті тақтадан көрсетілген есептерді орындайды.	ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!
7 минут	2-тапсырма. Әр суретке сәйкес сандардың қосындысы мен айырмасын таңда. Оны есептеп, жаз.  $9 - 3 = 6$ $6 + 3 = 9$ $6 - 3 = 3$	Әр суретке сәйкес сандардың қосындысы мен айырмасын таңдап, оны есептеп, жазады.	 ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын!
2-минут	Сергіту сәті Сәйкес түсті тап. 	Сергіту сәтінде қызықты тапсырма орындайды.	Керемет жұмыс жасадыңдар!
7 минут	3-тапсырма. Ойын. «Сандарды жина» ойынын ойнату. Оқушыларға сандар жазылған карточкалар таратылады, олар өз		Мен сендерге сенемін!

	беттерінше азайту операциясын жасап, нәтижесін табуға тиіс.		Керемет! 																																								
Сабақтың соңы 4 минут	IV.Сабақты қорытындылау. 1.Өзара кері амалдар. <table border="1"> <tr><td>8</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr> <tr><td></td><td>+</td><td>8</td><td>=</td><td></td></tr> <tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>1</td></tr> <tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>8</td></tr> </table> <table border="1"> <tr><td>4</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr> <tr><td>5</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr> <tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>5</td></tr> <tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>4</td></tr> </table> Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия 	8	+		=	9		+	8	=		9	-		=	1	9	-		=	8	4	+		=	9	5	+		=	9	9	-		=	5	9	-		=	4	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады. Өздері кері байланыс жасайды.	Өз ой қорытындысы мен бөліседі.  Балдар жиынтығын қою
8	+		=	9																																							
	+	8	=																																								
9	-		=	1																																							
9	-		=	8																																							
4	+		=	9																																							
5	+		=	9																																							
9	-		=	5																																							
9	-		=	4																																							
2минут																																											

5-сабақ

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:		Математика	
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 1	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны	
Тақырыбы		Геометриялық фигуралар	
Сабақтың мақсаты		Оқушылар заттардың кеңістікте (оң жақта, сол жақта, жоғарыда, төменде, үстінде, астында, арасында, алдында, артында) орналасуын анықтайды және жазық фигуралардың модельдерінен және бөліктерінен композиция құрастырады	
		Сабақтың барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау

Сабақтың басы 2 минут	I. Психологиялық ахуал Сәлемдесу. Психологиялық дайындық Бізде жақсы баламыз, Өсті ақыл санамыз Апайымызбен ең алғаш, амандасып аламыз. Жарқырасын күніміз, жайнап тұрсын гүліміз, Жақсы ниет тілекпен, Бастайық сабақ бүгін біз.	1.Мұғаліммен сәлемдеседі. 2.Өлең шумағын мәнерлеп айтады	Жарайсыңдар!																																								
3 минут	Өткен сабақты пысықтау 1.Өзара кері амалдар. <table><tr><td>8</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr><tr><td></td><td>+</td><td>8</td><td>=</td><td></td></tr><tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>1</td></tr><tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>8</td></tr></table> <table><tr><td>4</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr><tr><td>5</td><td>+</td><td></td><td>=</td><td>9</td></tr><tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>5</td></tr><tr><td>9</td><td>-</td><td></td><td>=</td><td>4</td></tr></table>	8	+		=	9		+	8	=		9	-		=	1	9	-		=	8	4	+		=	9	5	+		=	9	9	-		=	5	9	-		=	4	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Ауызша мадақтау ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс!
8	+		=	9																																							
	+	8	=																																								
9	-		=	1																																							
9	-		=	8																																							
4	+		=	9																																							
5	+		=	9																																							
9	-		=	5																																							
9	-		=	4																																							
Сабақтың ортасы 2минут Білу. 6 минут	Оқушыларды оқу мақсаты және бағалау критерийімен таныстырамын. III. Жаңа тақырып. Білу және түсіну . Оқулықпен жұмыс. 1-тапсырма. Жазық фигураларға ұқсас заттарды ата. Кеңістіктік фигураларға ұқсас заттарды ата.  Жазық фигуралар  Кеңістіктік фигуралар 	Жазық фигураларға ұқсас заттарды және кеңістіктік фигураларға ұқсас заттарды атайды.	ҚБ:Жарайсың! Өте жақсы! Дұрыс! Талпын! Сұрақтарға жауап беріп, өз ойларын айтады.																																								
7 минут <																																											

3 минут

7 минут


7 минут



Сергіту сәті

Топ-топ, топ-топ басайық,
Жалаудан күн жасайық.
Жаса - жаса жарқын күн,
Жаса -жаса алтын күн.

ЕБҚ



3-тапсырма. Кез келген геометриялық пішіндегі бір затты таңда. Оның орналасқан орнын мына сөздермен сипатта: алдында – артында, сол жақта – оң жақта, жоғарыда – төменде, арасында, жанында, үстінде, астында, ішінде, сыртында, ортасында. Досыңнан сол затты тауып, атын айтуын сұра.



4-тапсырма. Мұқият бол. Не өзгерді?



Сергіту сәтін іс-қимылмен көрсетеді.

Кез келген геометриялық пішіндегі бір затты таңдайды.

Сурет бойынша сұраққа жауап береді.


Керемет жұмыс жасадыңдар!



Әдемі жаз!



ҚБ:Жарайсың!
Өте жақсы!
Дұрыс!
Талпын!
Мен сендерге сенемін!



	1) өлшем 2) пішін 3)өлшем(қалыңдық) 4) түсі		
Сабақтың соңы 4 минут	IV.Сабақты қорытындылау. 1. Жазық фигураларды - қызыл, ал кеністік денелерін көк түспен боя. Фигураларды ата.  (оқу мақсаты мен бағалау критерийлеріне оралу): -Бүгінгі оқу мақсаты қандай болды? -Жетістік критерийлеріне жеттік пе? Бұл сабақта қандай жаңа білім алдың Оқушылардың білімін бағалау Рефлексия 	Сұрақтарға жауап береді, өз ойларын айтады.	Өз ой қорытындысы мен бөліседі. 
2минут		Өздері кері байланыс жасайды.	Балдар жиынтығын қою

6-сабақ

Білім беру ұйымының атауы			
Пәні:		Математика	
Педагогтің аты-жөні:			
Күні:			
Сынып: 1		Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
